

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйым

3. Қарағанды облысының МТСна (директоры Лавриенко және механигі Войцеховский) жолдас

4. Қостанай облысының МТСна (директоры Зинченко және механигі)

ра аудандар мен колхоздардың өсіміне
ры күзгі егіс егу жұмыстарын ойдағыдай
жүргізіп, оның дер кезінде аяқталуы
үшін ешбір шара қолданбай отыр. Бір-
сыңра аудандық партия комитеттері, ау-
дандық совет атқару комитеттері мен жер
бөлімдері колхоздарда күзгі егіс егудің
барысын бақыламады, бұл жұмысқа нақ-
тылы басшылық көрсетпеді. Сөйтіп оны
ойсыраған олқылыққа ұшыратты. Мәсе-
лен, Ленин, Бұлаев, Мамлют, Совет, Соко-
лов аудандары күзгі егіс егуде мүлде арт-
та қалды. Бұл аудандардың колхоздарына
да күзгі егісті егу жұмысын қолда бар
күш-мүмкіншілік пайдаланылмай отыр.
Мәселен, Соколов ауданындағы Ворошилов
атындағы колхоз күзгі егісті егуге 4 ав-
густқа кірісті. Бұл колхоздың күзгі егісті
егу жұмысын әлде қашан аяқтауға мүм-
кіншілігі бар еді. Алайда, бұл колхоз

Мереке атындағы социалистік жарыстың қорытындысын тексере келгенде Баранов, Констатинава, Нұрмухаметова және Кравченко жолдастардың басқаруындағы комсомол-жастар бригадаларының мү-

Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс Егін жыйнауда және астық тапсыруда озаттарға теңелейік!

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы бүкілхалықтық социалистік жарыста үздік шыққан мына комбайншылар облыстық астық совхоздары ресінің ұсынуы бойынша, облыстық хұрмет тақтасына жазылады:

ЛЫСЕНКО—Приешім совхозының комбайншысы, «Коммунар» комбайнымен 8 күнде 165 гектар егін жыйнаған.

СЕМЕНОВ—Приешім совхозының комбайншысы, «Коммунар» комбайнымен 8 күнде 129 гектар егін жыйнаған.

БОБРУЗ—Степной совхозының комбайншысы, «Сталинец» комбайнымен 200 гектар егін жыйнаған.

УТАЧЕНКО—Степной совхозының комбайншысы, «Коммунар» комбайнымен 149 гектар егін жыйнаған.

Үздік трактор бригадаларына значок тапсырылды

актық Жер Халық Комиссариаты БЛЕЖО Орталық Комитеті Полудень атындағы Полудень машина-трактор циясының таңдаулы бригадирлері М. медиева және В. Бондарева жолдас «МТСтың үздік трактор бригада» значогімен наградтады.

ырда бұл бригадаларға значок тап- жөнінде салтанатты жыйын болды. жыйында М. Мұхамедиева жолдас өйлен, былай деді.

іздің бригада, Қазақ ССРның 25- ық мерекесі атындағы республи- ық социалистік жарыста екінші- ға келеті. Қазір біз егін жыйнау жө- дік егіс егу жұмыстарында Вороши-

лов атындағы колхоздың мүшелеріне кө- мектесіп жүріміз. Біздің республикалық социалистік жарыста бірінші орынға не боларлықтай мүмкіншілігіміз бар. Сондық- тан барлық бригада мүшелері атынан Қазақ ССРның 25 жылдық мерекесін жа- на табыстармен қарсы алып, тракторши- лардың республикалық социалистік жа- рысында бірінші орынға не боламыз деп сөрт беремін.

Значок алуда Василиса Бондаре- ва жолдас та сөйледі. Ол трактор брига- дасы мүшелерінің мереке атындағы со- циалистік жарыста үздік табыстарға жө- тетіндігін айтты.

Т. ЖЕТПІСБАЕВ.

Комбайншы Первах жолдастың табысы

млют ауданындағы Интернационал на-трактор станциясының «Заветы та» колхозына жіберілген комбайншы азимир Первах жолдас үздік табыс- не болып жүр. Оның агрегаты соң- зде күніне 51 гектардан егін жый- әледі. Егін жыйнау жұмысы бастал Первах жолдас өзінің «Сталинец» йнымен 260 гектар егін жыйнады.

вах жолдастың жұмысының табыс- му сыры—оның комбайншының жұ- л қалқысыз істеуінде, комбайннан тікелей жұмыс үстінде алынуында отыр. Первах жолдас тез бүліне-

тін бөлшектерді ерекше бақылап, оны дер кезінде майлап отырады, моторда кез- дескен кемшілікті дереу жоюды. Колхоз басқармасы комбайн агрегатының жұмыс- ты өнімді істеуіне қажетті болған жағ- дайдың бәрін жасауда. Олар жанар маймен жағар майдың және судың тікелей жұ- мыс басына жеткізілуін қамтамасыз етті.

Казимир Первах жолдастың комбайн- шылардың егін жыйнау кезіндегі респуб- ликалық социалистік жарысында алған міндеттемесін аброймен орындайтындығы на сенім күшті.

М. ХОЛИН.

Облысымызда ауыл шаруашы- лық жұмыстарының барысы

ЕГІН ЖЫЙНАУ. Облыстық жер бөлі- мінің мәліметі бойынша, 26 августқа дейін 112392 гектар егін орылып, жоппар 29,7 процент орындалды. Облыс бойын- ша соңғы бір күнде 6950 гектар егін орылды. Барлық орылған егіннің 39653 гектары комбайнмен жыйналып, 44538 гектары маяланды.

Егін ору жоспарын Петропавл ауданы- ның колхоздары 34,5, Полудень ауданы- ның колхоздары 32,4, Мамлют ауданы- ның колхоздары 31,2 және Преснов аудан- ның колхоздары 30,6 процент орында- ды. Бұл жұмыста әсіресе Совет, Октябрь, Приешім және Булаев аудандарының колхоздары артта қалып қойды. Бұл аудандарда жоспардың орындалуы 25—29 проценттен аз, тіпті қана асты. Егін ору жұмысының барысында Булаев ауданы- ның колхоздары бұрын бесінші орында болса, соңғы бір күнде сегізінші орынға түсіп қалды.

АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ. Дайындау Халық Комиссариаты облыстық екілінің мәліметі бойынша, 25 августқа дейін облысымыз- дың колхоздарында астық дайындау жос- пары 5,6 процент, ал совхоздарында 2,2 процент орындалды. Астық дайындау жос- парын Петропавл ауданының колхоздары 11,5, Полудень ауданының колхоздары 9,2, Семелов ауданының колхоздары 8,8 және Совет ауданының колхоздары 6,7 про- цент ғана орындаса, Приешім, Мамлют, Октябрь және Ленин аудандарының кол- хоздарында жоспардың орындалуы бұдан да төмен болып отыр. Ал совхоздар- ды алсақ, Қыялы, Преснов, Октябрь, Степной және Мамлют совхоздары астық тапсыру жұмысына әлі кіріскен де жоқ.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. 26 августқа дейін кол- хоздарда зябь жырту жоспары 7,9 про- цент орындалды. 25 август күні облыс бойынша 555 гектар зябь жыртуылды. Зябь жырту жоспарын Ленин ауданының колхоздары 14,2, Полудень ауданының колхоздары 12,6 және Петропавл аудан- ның колхоздары 11,1 процент орында- ы.

Бұл жұмыста әсіресе Приешім, Совет және Преснов аудандарының колхоздары кешіргісіз артта қалып қойды. Преснов ау-

Жаңа оқу жылын ұйымдасқан түрде бастайық

Жақында мектептерде 1945-46 оқу жылы басталады. Үстіміздегі жылы оқу сапасы мен оқушыларды тәрбиелеу жұ- мысына жақсарту жөнінде оқу-ағарту қызметкерлерінің алдында зор міндеттер қойылып отыр. Бұл міндетті іс жүзінде орындап шығу үшін оқу-ағарту орында- ры мен оқытушылардың жаңа оқу жылы на ойдағыдай әзірленуге күш жұмсап, еңбек сіңірулері, сөйтіп былайғы жыл- ды барлық мектептерде оқу жұмысының шын мәнінде жоғары сатыға көтерілген жыл болуын қамтамасыз етулері керек.

Партиямыз бен үкметіміздің мектептер- ге күнбе-күнгі қамқорлық жасап отыруы совет халқының мектепке зор көмек көрсетуі үстіміздегі оқу жылында алдымызға қойылып отырған міндетті орындап шы- ғуымызға толық мүмкіндік туғызады.

Облысымыздағы бір қатар аудандық оқу бөлімдері жаңа оқу жылына ойдағы- дай дайындалудың маңызына жете түсі- піп, мектептерді жөндеу жұмысын жақсы ұйымдастырды. Мысалы Петропавл село- лық ауданында барлығы 34 мектеп бола- тын болса, оның ішінде 27 мектеп оқу жылына барлық жағынан толық әзірлен- ді. Сол сыяқты Приешім ауданындағы 43 мектептің 37, Преснов ауданындағы 28 мектептің 21 оқу жылына сақадай- сай әзірлік жасады.

Мектептерді оқу жылы басталғанға дейін жөндеп болу және қысқа керекті отын әзірлеп алу мақсатында, көптеген жерлерде жексенбіліктер өткізілді. Бұл сыяқты жексенбіліктер Петропавл қала- сының мектептерінде де ұйымдастырыл- ды. Бұл жексенбілікте өнеркәсіп ауданы- тағы мектептер 46 тонна көмір тасыл- ып, 25 парта жөндеді. Орталық аудан- ға мектептер үшін 132 тонна көмір, 183 текшеметр отын тасылды.

Мектептерді жөндеу жөнінде ұйымдас- тырылған жексенбілікте Мамлют, Прие- шім және Совет аудандарының мектепте- рінде де едәуір жұмыстар істелді. Мәсе- лен бір жексенбілікте Мамлют ауданында- ғы мектептерге 195 текшеметр отын та- сылып, 260 текшеметр отын және 26 мың тезек дайындалды, 65 парта, 5 клас тақтасы 5 үстел, және 10 орындық жөндеді. Совет ауданының мектептеріне 618 текшеметр отын тасылып, оларда 20 парта, 32 клас тақтасы және 24 үс- тел жөндеді.

Алайда облысымызды жалпы алғанда мектептерді жаңа оқу жылына дайындау жұмысы барлық жерде бірден жүргізіл-

меді. Облысымызда барлығы 368 мектеп болса, бұдан бар болғаны 327 мектеп қа- на жөндеді. Ал 41 мектепте жөндеу жұ- мыстары әлі күнге қолға да алынбай келеді. Мектептерге отын тасу жұмысы әсіресе Конюхов ауданында қанағаттанғы- сыз жүргізіліп отыр.

Мектептерді жөндеу жұмысының на- шар жүргізілу себебі, күрлыс жабдық- тарының тапшылығынан болып отыр. Мысалы көп жерлерде шыны, шөгө, бояу сыяқтылар мүлде жоқ. Сол сыяқты, ау- дандық советтер мектептерді жөндеу жұ- мысына көңіл бөлмей, бұл жұмыста ау- дандық оқу бөлімдері мен мектеп дирек- торларына көмек көрсетпейді. Міне осы- ның салдарынан Мамлют ауданындағы үш мектепте, Ленин ауданындағы 5 мек- теппе, Совет ауданындағы 19 мектепте, Полудень ауданындағы 4 мектепте, Ок- ттябрь ауданындағы 8 мектепте, Булаев ауданындағы 2 мектепте әлі күнге жөн- деу жұмысы қолға алынбай отыр.

Көпшілік аудандардың қаражат бөлімде- рі мектептерді хажетті қаржымен қамтама- сыз етпей, мектептерге керекті отын дайын- дан алуға бөгет жасап келеді. Сондықтан да Соколов, Конюхов, Октябрь ауданда- рының бірқатар мектептеріне керекті даяр отын осы күнге дейін тасып алып баған.

Осының салдарынан облысымыздың көптеген мектептері оқу жылы басталған- ға дейін жөндеу жұмыстарын аяқтамай, оқуды ешбір дайындықсыз бастағалы отыр.

Үстіміздегі 1945-46 оқу жылында мек- теппен коллективтерінің қалалық және аудан- дық оқу бөлімдерінің, партия және совет орындарының алдына мектеп жасында- ғы балаларды тегіс оқуға тарту, оқушы- ларға сапалы білім, саналы тәрбие беру жөніндегі заңды жүзеге асыру міндеті қойылып отыр. Бұл міндетті мұлтіксіз орындап шығу үшін таяудағы екі-үш күн ішінде мектептердің толық жөнделуі- ң, олардың отынмен жеткілікті түрде жабдықталуын, сол сыяқты оқу және жа- зу құралдарының жеткілікті әзірленуін, сөйтіп партиямыз бен үкметіміздің мек- тепптерде оқу-тәрбие жұмыстарының сапа- сын жақсарту туралы қаулысының то- лық жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі- міз керек.

Е. ШИШКИНА.

Облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

ССРО өкілдерінің Манилға келуі

ЛОНДОН, 25 август. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, ССРО со- ғыс өкілдері Жапонияның тізе бүгуі ту- ралы актіге қол қоюға арналған жыйын- ға қатысу үшін 25 августа Манилға келді. Совет өкілдерін генерал-лейтенант Деревянко басқарады.

Де Голльдің АҚШта болуы жайында

ВАШИНГТОН, 25 август. (ТАСС). Пре- зидент Трумэн мен генерал Де Голль бір- лекескен мәлімдеме жасап, өздерінің әртүр- лі мәселелер жөнінде пікір алысқандықта- рын және АҚШтың Мемлекеттік секретарі Бирнс пен Францияның Сыртқы Істер Министрі Бидоның саяси және экономика мәселелерін толық талқыға салғандығын хабарлады.

Соғыстан кейінгі бейбітшілікті кұру ісінде Франция мен АҚШтың алдында тұрған міндеттер жайында Трумэн мен Де Голль толық келісімге келді, сөйтіп олар екі ел арасында неғұрлым тығыз ынты- мақ тағайындай отырып, өз ара ұғынысу шылық негізінде іс жүргізуге дайын отырғандықтарын білдірді.

ВАШИНГТОН, 26 август. (ТАСС). 24 августа Ақ Үйде Трумэн Де Голльге бас- командир дәрежесіндегі «Еңбек сіңіргені үшін» орденін және Бидоға командир дә- режесіндегі «Еңбек сіңіргені үшін» орде- нін тапсырды.

Бұл күні Де Голль Америка армиясы штабының бастығы генерал Маршалға, АҚШ әуе күштерінің қолбасшысы гене- рал Арнольдқа, Америка флотының бас қолбасшысы адмирал Кингке және прези- дент штабының бастығы адмирал Легнге Хұрмет легионының жоғары дәрежелі ор- дендерін тапсырды.

Одақтастар флоты Сагами қолтығына бара жатыр

НЬЮ-ЙОРК, 26 август. (ТАСС). Ассо- шияйтед Пресс агенттігінің Манилдағы тілшісі берген хабарға қарағанда, Макар түр жапонның императорлық ставкасына, Америка флоты құрамаларының бүгін Сагами қолтығына қарай (Токио ауданын- да) жылжып бастағандығы туралы ес- керткен.

ЛОНДОН, 26 август. (ТАСС). Одақтас- тар флотының 383 кемеден құралған құ- рамаларының бүгін таң ертең Жапония- ның ішкі суларына қарай алға баса бас- тағандығын Рейтер агенттігінің Гуам ара- лындағы арнаулы тілшісі хабарла- ғандығын хабарлады.

Еңбек күнге 35 центнер астық бөлінді

тық дайындау орнына күн сайын астық жөнелтеді. Дайындау орны келінген астық тоқтаусыз қабыл-

Оқушылар егін жыйнауға көмектесуде

«Мя революции» колхозындағы (По ауданы) мектептің оқушылары жыйнау жұмыстарында колхозға үл қабасы тигізуде. Әсерсе Голушко, Ков, Згура және Марченко оқушылардың басқаруындағы звено мүшелері аялбай жұмыс істеп ар егін маялауда тапсырманы ын 130-150 процент орындап

бөлінді. яғни колхозшылардың әрбір еңбек күніне 500 грамм астық тиді.
Т. КӘДІРОВ.

Оқушы Башмакова басқарған звенода 6 оқушы бар. Олардың барлығы егін жыйнау жұмыстарына белсене қатынасып, тапсырманы анағұрлым артық орындауда.

Қазір оқушылар звеноларының арасында социалистік жарыс өрістей түсті. Бұл жарыста оқушы Голушко басқарған звеноның мүшелері үздік келеді.

Н. ВОРОПАЕВА.

Сыйлық берілді

Жуырда еңбекшілер депутаттарының облыстық совет атқомі «Комбайнмен егін жыйнау озаттарына сыйлық беру туралы» қаулы алды. Бұл қаулы бойынша МТС-тардың 18 комбайншысына бағалы сыйлықтар беріліп, алғыс жарияланды.

Сыйлық алғандардың ішінде:—Баян МТСның «Сталинец» комбайнымен 301 гектар егін жыйнап, 255 килограмм жанар май үнемдеген комбайншысы Яков Байдин, 200 гектар егін жыйнап, 300 килограмм жанармай үнемдеген Василий Июенко және тіркеудегі екі «Сталинец» комбайнымен 309 гектар егін жыйнап, 130 килограмм жанар май үнемдеген Николай Елещенко жолдастар бар.

кет қоймаларындағы сортты тұқымға айырбастап алу жұмыстарын ұйымдастыру қажет.

Күзгі егіс егу кезінде әсіресе тұқымдық учаскелерге ерекше назар аударылып. Тұқымдық учаскелерде ойдағыдай өңделген жер және оған себетін сортты тұқымдар әзірленсін. Бұл жұмыс барлық жұмыстан бұрын, агротехникалық жоғарғы дәрежеде өткізілсін.

Күзгі егісті даяр жерге егумен бірге, бйлыз облыс колхоздары даяр пар немесе зябь жетпеген жағдайда, күзгі егісті егіні орылып алынған жерлерге де егуі керек. Егіні орылып алынған жерлерде күзгі егіс егудің соңғы екі жылдағы тәжірибесі бұл жерлерден алынған өнімнің парға немесе зябьке себілген жерден алынған өнімнен кем болмайтындығын көрсетті. Қайта егістің агротехникалық шараларын толық жүзеге асырғанда егіні орылған жерде себілген егін өнімі басқа жерге себілген егін өнімінен 2-3 есе артық болып шықты. Мұндай мысалдар біздің облысымыздың колхоздарында көптеп саналады.

Бұл жағдай егіні орылып кеткен жерлерде күзгі егіс егу мәселесіне аса жауаптылықпен қарауды талап етеді. Егіні орылып кеткен жерлерге егіс еккенде ерекше назар аударатын мәселе—жердің сапасы, егіске жерді іріктегенде, бұл мәселеге зор ұқыптылық керек. Ең алдымен күзгі егіс орылған жазғы егінің орнына себілетін болсын. Мұнда орылған жерде қалған сабан биіктігінің еш қандай бөгеті жоқ. Тек гана егіні орылып кеткен жерлерде арам шөп, жусан тағы басқа сол сияқты зиянды өсімдіктер болмаса болғаны. Егер егіні орылып кеткен жерлерде мұндай зиянды шөптер аз деп есептелсе де, оған егіс егуге болмайды. Егіні орылып кеткен жерлерде күзгі егіс тек қана жерді айқұш-ұйқыш жыр-

ту өдісімен жүргізіледі. Бұл жерлерде күзгі егісті басқа өдіспен себуге рұқсат етілмейді. Егер егіні орылып кеткен жерді жыртықанда тырма астына қолмен тұқым себілмесін. Егер күзгі егіс бйлыз орылған, орылу кезінде дәні көп түскен жерлерге өгілетін болса, онда егіс тұқымының мөлшерін кеміткен жөн. Күзгі егіс алды-ала дайыдалып, жұмысталған жерлерде 4-5 сантиметр тереңдікке егілсе, ол егін орылып кеткен жерлерге себілгенде тереңдігі 2 сантиметрден аспайтын болсын. Бұл сіңірілген тұқымның жер бетіне тез және бір келкі өсіп шығуын қамтамасыз етеді. Ал егіні орылған жерде себілген тұқым терең сіңірілсе, ол егін шықпайды.

Егіні орылған жерде егіс жұмысы 10 сентябрьға дейін сөзсіз аяқталуы керек. Бұдан кейін бұл жерлерде күзгі егіс егуге болмайды.

Қазір облысымыздың колхоздары дәнді егінді жаппай жыйнауға кірісті. Сондықтан ең алдымен күзгі егіс егуге тағайындалған жерлердің егіні жыйналуын қадағалау жергілікті партия, совет ұйымдарының, жер орындарының, МТС және колхоз басшыларының кезек күттірмейтін міндетті болып саналады.

Колхозды ауыл-селоардың барлық күш-мүмкіншіліктері күзгі егісті дер кезінде сапалы өткізуге жұмсалатын болсын. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен КК(б)П Орталық Комитеті «Республиканың колхоздары мен совхоздарында күзгі егіс егу туралы» қаулысында партия, совет ұйымдарынан, жер орындарынан, МТС және колхоз басшыларынан осыны талап етті.

П. ЕЛОЕВ,

Облыстық жер бөлімінің егін шаруашылығы басқармасының бас агрономы.

Колхоз электр станциясы

ШИЕЛІ. (Қызылорда облысы). «Аған-гард» колхозшылары үлкен мерекелік той қуанышта. Жаңа салынған электр станциясы колхоз селосына алғашқы рет жарық берді. Артель мүшелері түгел жыйналған. Ымырт жабыла бастаған кез еді. Бүкіл ауылда жұлдыздай жайнап электр шамдары жағылды.

Бұл колхозда электр станциясы облыста тұңғыш рет жұмысқа кірісті. Жарық ауруханаларға, мектептерге, колхоз басқармасына, яслилерге, қоймаларға, фермаларға, колхозшылар үйлеріне берілді.
(ҚазТАГ).

қамтамасыз етуге міндеттелді.

(ҚазТАГ).

Астық тапсыру жоспарын артық орындауда

АҚТӨБЕ. Байғанин ауданы мемлекетке астық тапсыру жоспарын облыстың ең алды болып орындады. Басқа аудандардың 104 колхозы астық тапсыруды аяқтады. Тимур ауданындағы «Жиделі» ауыл шаруашылық артелі дайындау пунктінде жоспардан тыс 246 пұт бірінші сортты астық тапсырды.

* * *

БАҚАНАС. Балқаш ауданының колхозшылары мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындады. Қазіргі уақытта жоспардан тыс астық тапсырылып, мұнымен бірге тұқым қорлары құйылуда.

* * *

ӨСКЕМЕН. Киров ауданының «Горный трудовик» колхозы мемлекетке астық тапсыру жоспарын облыста бірінші болып орындап, қазіргі уақытта МТС-тың жұмыс ақысы есебіне астық тапсыруда.
(ҚазТАГ)

КОМБАЙНШЫЛАРДЫҢ ЗОР ТАБЫСЫ

АЛМАТЫ, 20. август. (ТАСС). Республикалық социалистік жарысқа мыңдаған комбайншылар мен тракторшылар қатысты. Республикалық жарысты бастаушы, Ударный МТСның комбайншысы Михаил Макеев жоғары еңбек өнімінің үлгісін көрсетуде. Ол тіркеудегі екі «Сталинец» комбайнымен қазірдің өзінде 800 гектар егін жыйнады.

16 август күні 106 гектар егін жыйнап, жаңа үздік табысқа жетті. Литвинов МТСның комбайншысы Роман Нижегородский тіркеудегі екі «Сталинец» комбайнымен күн сайын 70 гектар егін жыйнайды.

Павлодар облысының моторсыз комбайндарды жүргізуші комбайншылары жоғары еңбек өніміне жетті. Шевченко МТСның комбайншысы Семенов 7 күн ішінде 300 гектар, комбайншы Петр Мұзыка 12 күн ішінде 416 гектар егін жыйнап, бір тоннаға жуық жанармай үнемдеді.

Күздік егісті аяқтады

АҚТӨБЕ. Орда ауданының «Молодая нива» ауыл шаруашылық артелі күзгі егісті облыстың алды болып аяқтады. Жоспардан тыс 25 гектар қара бидай егілді. Тимур, Сталин атындағы, Киров атындағы, «Путь к социализму» колхоздары 300 гектар күздік егін өкті.

(ҚазТАГ).

дүние жүзіндегі ең ірі соғыс-теңіз құрамаларының біріне тең одақтастар флоты Токиоға қарай жаппай алға басуда. Флотты басқару ісін адмирал Халсен жүзеге асыруда. Ол Жапонияның біржолата тізе бүгуі туралы ақтіге қол қойылатын «Муссури» декларацияна орналасты.

Құрамалардың қатарында Англияның 18 кемесі мен линкоры бар.

Англия флотының қолбасшысы адмирал Фрэнсер өзінің флагмандық «Герцог Порккой» кемесінде келе жатыр.

Американың соғыс-теңіз күштері қатарында 12 линкор бар.

Англия парламенті Біріккен Ұлттар Уставын мақұлдады

ЛОНДОН, 23 август. (ТАСС). Бүгін кешкілікте Англияның бұхара палатасы Біріккен Ұлттар Уставын мақұлдады. Бұдан бұрын лордтар палатасы бұл Уставты мақұлдаған болатын.

Польша мен Швеция арасындағы сауда шартына қол қойылды

ВАРШАВА, 25 август. (ТАСС). Польша Пресс агенттігінің хабары бойынша, Варшавада Польша мен Швеция арасындағы сауда шартына қол қойылды. Бұл шарт бойынша екі ел арасындағы өзара бұйым алмасу ісі жолға қойылды.

Полудень аудандық прокуратурасында

Полудень ауданындағы «Путь собиализма» колхозының агрегат бастығы комбайнер Хрулин, комбайншының көмекшісі Ульянов Потаповна Лапшева, тракторшы Евдокья Яковлевна Хахлухина және егу тасушы Павел Александрович Макулин дегендер ұйымдасқан түрде комбайн бункерінен 57 килограмм астық ұрлағаны үшін жауапқа тартылды.

Осы іс бойынша қара бидай жыйнау кешегідей кеткені, мемлекетке астық өткізу тапсырмасын бұрмалағаны, мемлекетке бірде-бір грам астық тапсырылмай отырғанына қарамастан, 700 килограмм қара бидайды орынсыз жұмсағаны және ауыл шаруашылық уставын бұзып колхозшылардан жаппай айып алғаны үшін колхоз басқармасының председатели Каннов жауапқа тартылды.

Қара бидай жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын кешегідей кеткені, қырмандағы астыққа күзет қоймай, астықтың ұрлануына жол берген үшін «2-большевистский сев» колхозының бригадирі Петр Гаврилович Семенов жауапқа тартылды.

Жауапты редактордың орынбасары
Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.